

ӨОЖ 332.145

Г.Ж. Доскеева*, Р.А. Кузембекова

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: g.doskeyeva@gmail.com

Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму үрдісі

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы – көп өлшемді және көп аспектілі процесс және әртүрлі әлеуметтік және экономикалық мақсаттардың жиынтығы көзқарасынан қарастырылады. Аймақтардың даму деңгейі жалпы мемлекеттің даму деңгейін анықтайды. Осы тұрғыдан елдің аймақтық дамуының негізгі үрдістерін анықтау өте маңызды болып табылады. Қазіргі кезде негізгі шаруашылық қызмет аймақтарда жүзеге асырылады. Оларға экономикалық проблемаларды шешу, сыртқы экономикалық және аймақ аралық қарым-қатынастарды өз бетімен орнату құқығы берілген. Қазақстан Республикасының әр аймағы өзіне тән табиғи ресурстарға, оларды орналастыру ерекшелігіне, ұлттық және тарихи жағдайына, шаруашылық құрылымына, экономикалық даму деңгейіне, мамандандыруына ие. Қазақстан аймақтарының кейінгі жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дамуына талдау жасау қалыптасқан үрдістің жағымды және жағымсыз тұстарын анықтауға мүмкіндік берді.

Түйін сөздер: аймақ, аймақтық саясат, аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, жалпы аймақтық өнім.

G.Zh. Doskeyeva, R.A. Kuzembekova

The trend of the socio-economic development of the regions of Kazakhstan

Socio-economic development of the region is a multidimensional and multifaceted process which is usually considered in terms of the aggregate of various social and economic objectives. The level of development of regions determines the level of development of the country as a whole. In this regard, it is particularly important to identify major trends of regional development of the country. Today, the main economic activity is carried out in regions. They are allowed to independently solve economic problems, establish external economic and interregional connections. Each region of the Republic of Kazakhstan has inherent to it natural resources, peculiarities of their location, national and historical features, the structure of the economy, the level of economic development and specialization. The analysis of the socio-economic development of the regions of Kazakhstan in recent years has revealed trends formed in both positive and negative directions.

Key words: region, regional policy, indicators of socio-economic development of regions, gross regional product.

Г.Ж. Доскеева. Р.А. Кузембекова

Тенденция социально-экономического развития регионов Казахстана

Социально-экономическое развитие региона — многомерный и многоаспектный процесс, который обычно рассматривается с точки зрения совокупности различных социальных и экономических целей. Уровень развития регионов определяет уровень развития страны в целом. В связи с этим особенно важным представляется выявление основных тенденций регионального развития страны. Сегодня основная хозяйственная деятельность осуществляется в регионах. Им дано право самостоятельно решать экономические проблемы, устанавливать внешнеэкономические и межрегиональные связи. Каждый регион Республики Казахстан имеет присущие ему природные ресурсы, особенности их размещения, национальные и исторические черты, структуру хозяйства, уровень экономического развития, специализацию. Анализ социально-экономического развития регионов Казахстана за последние годы позволил выявить сформировавшиеся тенденции как в положительном, так и отрицательном направлениях.

Ключевые слова: регион, региональная политика, показатели социально-экономического развития регионов, валовый региональный продукт.

Әлемдік тәжірибе географиялық орналасуының, табиғи-климаттық, демографиялық жағдайының, тарихи дамуының сан

алуандығына және басқа да факторларға орай аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің әркелкі болып келетінін көрсетеді.

Сондықтан әрбір мемлекет аймақтардың тұрмыс деңгейін жақсартуға ұмтылады, яғни аймақтық даму деңгейін арттыруға бағытталған аймақтық саясат жүргізеді.

Қазақстанның аймақтық саясатының мақсаты аймақтардың ішкі және сыртқы бәсекеге қабілеттілігін ұлғайтуға, еңбек пен капитал ресурстарының экономикалық өсу орталықтарында шоғырлануына, халықтың жұмыспен қамтылуын және өмір сүру сапасын арттыру үшін қолайлы жағдай мен факторлар қалыптастыруды қамтамасыз етуге бағытталған.

Аймақтардың экономикалық әлеуетін талдау үшін Қазақстанда шаруашылық жүргізудің объективті шарттарымен, ресурстық-өндірістік әлеуетімен, мамандануымен және шешілетін мәселелер сипатымен ерекшеленетін аймақтардың төрт топқа бөлінуі негізінде, ҚР Экономика институтымен ұсынылған үлгіні алуға болады.

Бірінші топ – жоғары технологияны талап ететін, өндіріс үшін қолайлы экономикалық шарттары және жоғары ғылыми-техникалық әлеуеті бар облыстар. Бұл аймақтар техникотехнологиялық озып кетуінде басты сүйеніш болатын, яғни қоғамдық-экономикалық даму үшін жоғары бастапқы деңгейі бар Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары жатады.

Екінші топ – стратегиялық сипаттағы табиғи минералды ресурс қорлары бар және ғылыми-өндірістік әлеуеттің дамуында жоғары деңгейдегі облыстар. Бұл аймақтар тобында халық шаруашылығының салалық құрылымы рационалды емес, минералды шикізаттың қазу және өңдеу бойынша салалар абсолютті үстем, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл облыстары жатады.

Үшінші топқа еліміздегі сауда әлеуетінде басты орын алатын индустриалды Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Жамбыл, Көкшетау, Оңтүстік Қазақстан, Талдықорған, Батыс Қазақстан, Алматы облыстары жатады.

Төртінші топқа рационалды емес салалық құрылымды, экономикалық бейімсіз мүмкіншіліктері шектелген экстремалды техникотехнологиялық шарттарымен сипатталатын облыстар және дағдарыс аудандары жатады.

Жоғары ғылыми-өндірістік әлеуетті аймақтарға – Солтүстік және Орталық Қазақстан, орташа – Батыс және Шығыс Қазақстан және ең төменгісіне Оңтүстік Қазақстан аймақтары жатады [1].

Жыл сайынғы статистика біздегі аймақтардың экономикалық дамуы да біркелкі емес екендігін көрсетеді. 16 аймақтың ішіндегі төртеуі – оның ішінде республикалық маңызы бар Алматы, Астана, Атырау мен Қарағанды облыстары – 2009 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ-нің 47,2 пайызын құрады. Осы аймақтарда инвестиция да, өзге де экономикалық ресурстар барынша шоғырланған. Екінші жағынан, аймақтық дамудың әркелкі болуы жалпы әлемдік үрдіс екенін де ескерген жөн. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, қарқынды дамыған елдерде өндірістің, капитал мен адам ресурсы қалаларда шоғырлануы жағдайында өткенін дәлелдейді. Сөйтіп қазіргі заманда кеңістік пен жайғасу мәселесі мемлекеттік саясаттағы әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды факторына айналды. Қалалардың өсуі мен шоғырлануы, сауда мен қызмет көрсетуді дамыту соңғы жиырма жылдың ішінде дамыған елдердің катализаторы болса, бүгінде дамушы елдердің қозғаушы күшіне айналды. Сондықтан күні кеше қабылданған аймақтық-кеңістік дамудың Болжам кестесі бір қатар міндеттерді қамтиды. Олар:

– «өсім орындарында», яғни экономикалық келешегі бар және өмір сүруге қолайлы аудандарда өндірістік және еңбек ресурстарын шоғырландыруды ынталандыру;

– урбанизация процестерінің реттелуі мен шоғырлануын ынталандыру ірі қалаларда өндіріс ауқымын ұлғайту және инновациялық экономиканың негізін қалыптастыру мақсатында жүргізіледі;

– әр аймақтың, жалпы елдің ресурстық әлеуеті мен артықшылықтарын тиімді пайдалану;

– республикалық еңбек бөлінісінде аймақтардың бәсекеге қабілетті экономикалық мамандануын құру;

– инженерлік инфрақұрылым нысандарын (көлік, энергетика және сумен жабдықтау), өндіріс күші мен тұрғындардың орналасуын реттеу;

– жұмыссыздарды болашағы бар аймақтарға бағыттау, тұрғындардың (әсіресе, шалғайдағы елді мекендердегі) мемлекеттік кепілдендірілген әлеуметтік қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз ету;

– шекара маңындағы аймақтарды өркендету.

Болжам кестесі төрт бөліктен тұрады.


Біріншісі – аймақтар дамуының әлеуметтік-

экономикалық дамуының жалпы сипаттамасы, демографиялық әлеуеті, еңбек ресурсымен қамтамасыз етілуі, тұрғындар санының өзгеруі көрсеткіштерінің кешенді талдауына негізделеді. Екінші бөлігінде 2020 жылға дейінгі кеңістік-аймақтық дамудың міндет-мақсаттары белгіленген. Үшінші бөлікте индустриалдық сала мен агроөнеркәсіп кешенін дамытудың болжамдық кестесі келтірілген. Төртінші бөлікте алдағы он жыл ішінде аудандардың даму көрсеткіштері – оның ішінде жалпы аудан өнімі өсімін қамтамасыз ету, өңдеуші сала үлесін арттыру бар. Сондай-ақ салалық өндіріс болжамы, оның ішінде 2020 жылы газ конденсатын қосқанда мұнай өндіруді

163,5 млн тоннаға, көмір өндіруді 152 млн тоннаға жеткізу жоспарланған. Еңбек өнімділігін арттыру да қамтылған [2].

Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуы кейінгі жылдары анық байқала бастады.

Жалпы аймақтық өнім (ЖАӨ) көлемі бойынша 2013 жылдың 3 тоқсан мәліметтеріне сәйкес көшбасшы болып Алматы қаласы табылады, ол Қазақстан бойынша (18,28%) жиынтық жалпы аймақтық өнімнің 1/5 өндіреді. Сонымен қатар жалпы аймақтық өнімнің негізгі үлестерін Атырау (11,21%) және Астана қ. (9,36%) облыстары көрсетеді (1-сурет) [3].




1-сурет – Қазақстан аймақтарын жалпы аймақтық өнімдегі үлестері бойынша бөлу (%-бен)
Ескерту: <http://gis.damu.kz> деректері бойынша жасалды


Жиынтық ЖАӨ өсуіне Павлодар, Жамбыл және Солтүстік Қазақстан облыстары ие болды және тиісінше 148, 142 және 143% өсу қарқынын көрсетті (сурет 2).

Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі тұрақты өсу үдерісіне ие. 2000 жылы ел экономикасына 596 млрд. теңге түсті, ал 2013 жылы 10 есеге дейін көп – 523

млрд. теңге. Аймақтар арасындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар 2014 жылдың қаңтар-ақпан айларында Қазақстан бойынша орта мәнінен Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында жоғары болды. Осы аймақтардағы көрсеткіштің өсуі тиісінше 157,7, 145,5 және 143,5%.



2-сурет – 2011 жылы Қазақстан аймақтарының ЖАӨ өсу қарқыны, алдыңғы жылға %-бен
Ескерту: ҚР статистика агенттігінің (www.stat.gov.kz) деректері бойынша жасалды



3-сурет – 2014 жылдың қаңтар-ақпан айларындағы аймақтар арасындағы негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсуі, алдыңғы жылдың тиісті айларына %-бен.

Ескерту: ҚР статистика агенттігінің (www.stat.gov.kz) деректері бойынша жасалды

Инвестиция келуінің төмендеуі Ақтөбе, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында байқалады, онда инвестиция көлемі 2014 жылдың қаңтар-ақпан айларында алдыңғы жылдың тиісті айларымен салыстырғанда 78,5, 80,8 және 91,2% құрады 3-сурет.

Ауыл шаруашылығындағы өндіріс көлемі 2009 жылға дейін өскен, 2010 жылы 1442,6 млрд. теңгеге дейін төмендеп, алдыңғы жылмен салыстырғанда 87,9% құраған. Бірақ 2011 жылы саладағы өндіріс көлемі 2286 млрд. теңгеге дейін өсіп, ал өсу қарқыны 158,5% жеткен.

2013 жылғы қаңтардағы %-бен



4-сурет – 2014 жылғы қаңтардағы ауыл шаруашылығы өнімдері (қызметтер) көлемінің өзгеруі (+,-)
Ескерту: ҚР статистика агенттігінің (www.stat.gov.kz) деректері бойынша жасалды

2014 жылғы қаңтарда тұтастай республика бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 70,7 млрд. теңгені құрады бұл 2013 жылғы қаңтардан 1,1%-ға жоғары. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемінің өсуі еттің барлық түрі 0,9%-ға, сиыр сүті - 2,1%-ға, тауық жұмыртқасы - 10,5%-ға өсуімен түсіндіріледі.

2014 жылғы қаңтарды 2013 жылғы қаңтармен салыстырғанда ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің ұлғаюы республиканың 9 аймағында байқалған.


Шығыс Қазақстан облысында ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуі тауық жұмыртқасының өндірісі 19,6%-ға, еттің барлық түрі – 7,9%-ға ұлғаюымен түсіндіріледі. Қарағанды облысында сиыр сүтінің өндірісі 8,2%-ға, тауық жұмыртқасының – 4,6%-ға, еттің барлық түрі – 3,7% өсті.

2014 жылғы қаңтарда өнеркәсіп өнімінің нақты көлем индексі 2013 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 100,8%-ды құрады. Өндірістің өсуі республиканың 9 өңірінде байқалды. Төмендеу Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Қызылорда облыстарында және Астана, Алматы қалаларында тіркелді.

Солтүстік Қазақстан облысында сүт, рап майы, сары май, болат құбырлар және электр энергиясы өндірісі артты (106,1%). Маңғыстау облысында негізінен мұнай өндірудің өсуі есебінен нақты көлем индексі 105,8%-ды құрады. Павлодар облысында феррохром, керосин, тазартылмаған болат, ферросиликохром және электр өткізгіштер өндірісі артты (105,6%). Оңтүстік Қазақстан облысында табиғи уран, бензин, оттық мазут, электр трансформаторлары және портландцемент өндірісі жоғарылады (102,8%). Шығыс Қазақстан облысында мырыш қойыртпасындағы мырыш өндіру артты, тазартылған күміс, тазартылған қорғасын, мырыш және жеңіл автомобильдер өндірісі артты (102,6%). Атырау облысында мұнайды өндіру артты және дизельдік отын, бензин және сұйытылған пропан мен бутан өндірісі жоғарылады (102,3%). Қарағанды облысында жазық және мырышталған илек, құймалардағы легіренбеген болат, тазартылған алтын және электр энергиясы өндірісі артты (101%). Жамбыл облысында нақты көлем индексі 100,6%-ды құрады. Қант, шұжықтар, әк және цементтерге арналған қосымшалар өндірісі жоғарылады. Қостанай облысында теміркенді

қойыртпалар, темір кендер өндіру жоғарылады және ұн, макарон өнімдері және жылу энергиясы өндірісі артты (100,4%). Газ конденсатын өндіру және газойльдер өндірісінің төмендеу есебінен Батыс Қазақстан облысында нақты көлем индексі 99,1%-ды құрады. Қызылорда облысында мұнай, уран және торий кендерін өндіру төмендеді, пластмассадан жасалған құбырлар, түтіктер өндірісі азайды (98,9%). Алматы қаласында жеміс және көкөніс шырындары, сыра, дәрі-дәрмектер, теледидар, мыстан дайындалғандар және жылу энергиясы өндірісі төмендеді (95,3%). Нақты көлем индексі Алматы облысында 92,9%-ды құрады. Шылым,

сыра, бетоннан жасалған құрама құрылыс конструкциялары, бөлу қалқандары және электр энергиясы төмендеді. Ақтөбе облысында мұнай, мыс және құрамында алтыны бар кендер өндіру төмендеді, цементтен немесе тастан жасалған тақтайшалар, тақталар өндірісі және қышқыл сүт өнімдері азайды (92,8%). Ақмола облысында табиғи уран, ұнтақ түріндегі алтын, мойынтіректер, жүк автомобильдері және ұн өндірісі төмендеу есебінен нақты көлем индексі 89,6%-ды құрады. Астана қаласында тауарлық бетон, преформалар, ұн, макарон өнімдері және бетоннан жасалған құрылыс конструкциялар өндірісі төмендеді (79,1%) [4].



5-сурет – Аймақтар бойынша өнеркәсіп өнімі көлемдерінің өзгеруі, өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен
Ескерту: ҚР статистика агенттігінің (www.stat.gov.kz) деректері бойынша жасалды

Өнеркәсіп өндіріс көлемінің (49,4%) жартысы үш аймаққа келеді: Атырау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан. Осы аймақтардың жалпы Қазақстан бойынша өнеркәсіп өндірісінің көлеміндегі үлестері тиісінше 27,1, 13,0 және 9,3% құрайды. Сонымен қатар батыс аймақ (Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстары) өнеркәсіп өндіріс көлемінің 60% қамтамасыз етеді.

Батыс аймаққа сонымен қатар кен өндіру өнеркәсібінің жалпы қазақстандық көлемінің 80% астамы келеді, тек Атырау облысы осы көлемнің жартысын немесе ҚР бойынша жалпы көлемнің 2/5 қамтамасыз етеді. Басқа үш облыс

өндеу өнеркәсібінің және электр энергиясын, суды, газды өндіру және бөлу көлемінің жартысын қамтамасыз етеді. Бұл Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары. Қазақстан бойынша өндеу өнеркәсібінің жалпы өндіріс көлеміндегі олардың үлесі тиісінше 22, 13,2 және 13%.

Аймақтық бөліністе өнеркәсіп кәсіпорындары мен өндірістің 50% өндірістік мамандандырылған бес аймаққа тиесілі: Алматы қаласы, Ақмола, Қарағанды, Павлодар және Шығыс-Қазақстан облыстары.

Құрылыс ұйымдарының жартысы төрт аймаққа тиесілі – Алматы және Астана қалалары, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстары.

Ауылшаруашылық кәсіпорындарының 50% астамы үш ауылшаруашылық аймақтарға тиесілі – Оңтүстік Қазақстан, Ақмола және Алматы облыстары.

2014 жылғы қаңтар-ақпанды өткен жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда белсенді субъектілер саны 5,8%-ға өсті. ШОК субъектілерінің жалпы санында дара кәсіпкерлер үлесі 74,2%, шаруа (фермер) қожалықтары – 17,4%, шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 7,9%, орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 0,5%-ды құрады.


Ел аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшеліктеріне, олардың экономикасының құрылымындағы айырмашылықтарға, сондай-ақ халықтың әркелкі орналасуына байланысты Қазақстан аймақтарындағы шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) секторы әркелкі дамыған.

01.01.2013 жылға берілген аймақтық тұрғыдағы белсенді ШОК субъектілерінің санына шолу олардың ең көп саны Оңтүстік Қазақстан (109,4 мың бірл.), Алматы (103,1 мың бірл.) облыстарында және Алматы қ. (88,1 мың бірл.) орналасқандығын көрсетеді. Белсенді ШОК субъектілерінің ең кем саны Қызылорда (20,8 мың бірл.), Солтүстік Қазақстан (22,6 мың

бірл.) және Батыс Қазақстан (26,2 мың бірл.) облыстарына тиесілі (сурет 6).

Аймақтардағы ШОК саласының даму деңгейіне экономикалық белсенді тұрғындар саны ықпал етеді. 2012 жылы экономикалық белсенді халықтың 1000 тұрғынына шаққандағы есебінен белсенді әрекет ететін ШОК субъектілерінің ең үлкен саны Астана және Алматы қ. (әрқайсысында 114 бірл.), Атырау (102 бірл.) және Алматы (101 бірл.) облыстарында байқалды. ШОК субъектілерінің ең аз шоғырлануы Қызылорда (60 бірл.), Жамбыл (62 бірл.) және Солтүстік Қазақстан (65 бірл.) облыстарында байқалуда [5].

Қазақстан халқының туғандағы өмірінің күтілетін ұзақтығы жыл сайын баяулап өсіп келеді. 2000 жылы ол 65,50 жасты құраса, 2012 жылы 69,61 жас және 12 жыл ішінде 4,11 жасқа өскен. Аймақтар арасында туғандағы өмірінің күтілетін ұзақтығы ең жоғары Астана қ. (73,68), Алматы қ. (72,79) және Маңғыстау облысы (71,56). Ал ең төмен туғандағы өмірінің күтілетін ұзақтығы Солтүстік Қазақстан (67,55), Ақмола (67,46) және Қостанай (68,46) облыстарында. Барлық үш облыстағы туғандағы өмірінің күтілетін ұзақтығына жағымсыз ықпал етуіне халықтың төмен табысы, нашар табиғи-климаттық жағдайы әсер етуі мүмкін.




6-сурет – 01.01.2013 ж-ға берілген белсенді ШОК субъектілерінің саны, мың бірл.
Ескерту: ҚР статистика агенттігінің (www.stat.gov.kz) деректері бойынша жасалды

Елімізде жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық саясаттың дұрыстығы ретінде жыл сайынғы жұмыссыздық деңгейінің төмендеп келе жатқандығы дәлел бола алады. Мемлекетте болып жатқан әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер өзінің тереңдігі мен көлемі жағынан шексіз. Мемлекет қызметіндегі ең негізгі мәселе – әрбір қазақстандықтың игілігі, еліміздің нығаюы мен одан әрі саяси және экономикалық өсуі, оның тұрақтылығы мен қауіпсіздігі болып табылады. Қазақстанның дағдарыстан кейінгі экономикалық даму үрдісі еліміздің әлеуметтік саласын барынша қолдаудан да көрініс тауып келеді. Жаһандық дағдарыстан кейін репрессияға ұшыраған дамушы елдердің өзі әлеуметтік бағдарламаларын кейінге қалдырып жатқанда, мемлекетіміз Елбасының тапсырмасымен белгіленген әлеуметтік бағдарламалардың бір де біріне нұқсан келтірген жоқ. Халықтың табыс деңгейін арттыру, жұмыссыздықты азайту және мемлекеттің әлеуметтік саладағы міндеттемелерін толықтай қамтамасыз ету мақсатындағы шаралар толық жүзеге асырылуда. Мысалы, 2007 жылы елімізде тіркелген жұмыссыздық деңгейі 7,3% болса, 2014 жылы бұл көрсеткіш 2,1% -ға дейін кеміген.

Халықаралық еңбек ұйымының әдіснамасы бойынша анықталатын жұмыссыздар саны, 2014 жылғы қаңтарда 472,9 мың адамды, жұмыссыздық деңгейі – 5,2% құрады. Жұмыссыздар ретінде жұмыспен қамту органдарында 42,5 мың адам ресми тіркелген (тіркелген жұмыссыздар үлесі – 0,5%). Бағалау бойынша жасырын жұмыссыздық деңгейі 2014 жылғы 1 қаңтарда экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың 0,4%-ын (39 мың адам) құрады. «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бойынша 2014 жылғы 1 қаңтарда әлеуметтік келісімшартқа 106,2 мың адам қол қойған, оның ішінде жұмыссыздар 60,4%, өз бетінше жұмыспен қамтылғандар 32,7% құрады.

Аймақтар бойынша жұмыссыздық деңгейін талдайтын болсақ, 2007 жылғы мәлімет бойынша Ақмола облысында жұмыссыздық деңгейі 8,0% құраған болатын, ал 2013 жылы бұл көрсеткіш 5,2% төмендеген. Қысқа мерзім ішінде бұл аймақтың жұмыссыздық деңгейі 31% кемігенін көруге болады. Облыстар бойынша Ақтөбе – 34%, Алматы – 24%, Атырау – 33%, Батыс Қазақстан – 32%, Жамбыл – 29%, Қарағанды – 20%, Қостанай – 28%, Қызылорда – 33%, Маңғыстау – 32%, Оңтүстік Қазақстан – 18%, Павлодар – 25%, Солтүстік Қазақстан – 20%, Шығыс Қазақстан – 21%, Астана қаласы – 24%, Алматы қаласы – 27%.



7-сурет – 2013 жылдың 4 тоқсанындағы ең төменгі күнкөріс деңгейінің атаулы ақшалай табыстарымен арақатынасы

Ескерту: ҚР статистика агенттігінің (www.stat.gov.kz) деректері бойынша жасалды

Ал аймақтар бойынша орташа айлық еңбек-ақының негізгі көрсеткіштерін талдайтын болсақ, соңғы бес жылда аймақтар бойынша орташа айлық еңбекақының қарқынды өскенін көруге болады.

2013 жылдың 4 тоқсанында халықтың жан басына шаққандағы орташа атаулы ақшалай табыстары 60139 теңгені құрады және осы кезеңде тауарлар мен қызметтердің тұтыну бағасының 4,8%-ға өсуіне байланысты 2012 жылдың 4 тоқсанымен салыстырғанда 9,3%-ға өсті. Нақты көріністе халықтың атаулы ақшалай табыстары өткен жылғы тиісті тоқсанмен салыстырғанда 4,3%-ға өсті.

2013 жылдың 4 тоқсанында орташа жан басына шаққандағы ақшалай табыстардың мөлшері бойынша әлі де болса бірінші орында – Атырау облысы, Алматы және Астана қалалары алып отыр, оларда осы көрсеткіш орташа республикалық деңгейден 2,1 – 1,8 есеге асқандығы байқалды. Табысы ең төмен аймақтар ретінде Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстары қалуда (орташа республикалық деңгейге қатынасы тиісінше 60,2%, 63,4% және 79,7%). 2013 жылдың 4 тоқсанында аймақтар

бойынша атаулы ақшалай табыстардың ең жоғары және ең төменгі шамасы арасындағы арақатынас 3,5 есені құрады.

2013 жылдың 4 тоқсанындағы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы және атаулы ақшалай табыстардың арасындағы арақатынас 3,4 есені құрады (2012 жылғы 4 тоқсанда – 3,2 есе).

Сонымен Қазақстанның және оның аймақтарының демографиялық, экономикалық және әлеуметтік дамуын сипаттайтын барлық негізгі макро көрсеткіштер абсолютті және салыстырмалы қатынастарының жоғарлауын көрсетеді, бұл тек сан жағынан ғана емес, сонымен бірге сапа жағынан елдің дамуын көрсетеді.

Қорыта келгенде, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму жағдайын бүгінгі таңда өткен кезеңдерге қарағанда жоғары деп бағалауымызға болады. Бұл аймақтың экономикасының тұрақты даму мүмкіншіліктері әлеуметтік саланы да дамытуда және ол халықтың өмір сүру деңгейі мен төлем қабілеттіліктерін жоғарылатқан, себебі жұмыспен қамтылғандар санының жылдан жылға жоғарылауы, тиесілі жұмыссыз санының төмендеуіне арналған шаралардың тиімді орындалуын байқатады.

Әдебиеттер

1. Исабеков Б. Парасатты экономика: дағдарыс пен серпіліс: оқулық. – Астана: Фолиант, 2013. – 528 б.
2. Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасын бекіту туралы -Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 118 Жарлығы.
3. <http://gis.damu.kz>
4. ҚР статистика агенттігінің ресми сайты // www.stat.gov.kz
5. «Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктің мониторингі» жедел-ақпарат- // www.stat.gov.kz

References

1. Isabekova B. Parasatty ekonomika: dagdarys pen serpilis: okulyk. – Astana: Foliant, 2013. –528 b.
2. Eldi aumaktyk-kenistikte damytudyn 2020 jylga deiingi bolzhamdy shemasyn bekitu turaly –Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin 2011 jilgy 21 shildedegi № 118 Zharlygy.
3. <http://gis.damu.kz>
4. Kazakhstan Respublikasynyn statistika agenttiginin resmi saity// www.stat.gov.kz
5. «Kazakhstan Respublikasyndagi shagin jane orta kasipkerliktin monitoringi» zhedel-akparat- // www.stat.gov.kz